Центр: село Елтай, улица Жансенгирова № 30, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Сейфуллина с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Елтай и в селе Бактыбай улицы: Астана, Л. Асанова, Шакарим, К. Рыскулбекова, Жетысу Шугалысы, К. Жапсарбаева, Абылхаирхан № 1 по 29, Б. Ыскаков, О. Жандосова, К. Менисова, Д. Ракишева, Д. Нурпеисовой № 1 по 19, Суинбая № 1 по 64, Кенесары хан № 1 по 14, Тауке хан № 1 по 25 и М. Макатаева.

***Избирательный участок № 245.***
Центр: село Абай, улица Темиргали № 27, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абай с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Абай.

***Избирательный участок № 246.***
Центр: село Ешкиольмес, улица Шереметова № 18, административное здание бригады № 4 командитного товарищества «Хильниченко и К».
В границах: село Ешкиольмес.

***Избирательный участок № 247.***
Центр: село Матай Байысова, улица Бактыбая № 7, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Т.Рустембекова с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Матай Байысова.

***Избирательный участок № 248.***
Центр: село Шымыр, улица М. Байысова № 27, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени М.Маметовой с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Шымыр.

***Избирательный участок № 249.***
Центр: село Карабулак, улица Женис № 49 «А», коммунальное государственное учреждение «Карабулакская средняя школа с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района» (актовый зал).
В границах: село Карабулак, улицы: Женис, Кабсаматова, Жапсарбаева, 8 Марта, Титова, Б. Момышулы, Кабанбай батыра, Королева, Кыдырбаева, О. Бөкеева, Резникова, Алдабергенова с № 19 по 107 (нечетная сторона), Ауэзова с № 1 по 7 (нечетная сторона), с № 2 по 12 (четная сторона), Каратальская с № 25 по 69 (нечетная сторона), с № 28 по 84 (четная сторона), Калдаякова с № 1 по 13 (нечетная сторона).

***Избирательный участок № 250.***
Центр: село Карабулак, улица Толеген Тоқтарова № 9, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Шестакова с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Пушкина, Южная, Соқпакбаева, Бақтыбай, Байсеитовой, Терешковой, Токтарова, Строителей, Рыскулбекова, Саумал Ногайбаевой, Некрасова, Рустембекова, Айтеке би, М. Утемисулы, Нурманбетова, Свердлова, Ш. Смаханулы, Мади Бапулы, Жакыпбаева с № 115 по 125 (нечетная сторона), с № 128 по 142 (четная сторона), Гагарина с № 53 по 77 (нечетная сторона), с № 68 по 92 (четная сторона), Акименко с № 77 по 97 (нечетная сторона), с № 66 по 90 (четная сторона), Шестакова с № 71 по 97 (нечетная сторона), с № 84 по 102 (четная сторона), Оразбекова с № 51 по 65 (нечетная сторона), с № 72 по 90 (четная сторона), М. Байысова с № 77 по 93 (нечетная сторона), с № 74 по 96 (четная сторона), Шевченко с № 81 по 89 (нечетная сторона), с № 68 по 74 (четная сторона), Копесбаева с № 49 по 63 (нечетная сторона), с № 54 по 66 (четная сторона), Ш. Уалиханова с № 91 по 111 (нечетная сторона), с № 82 по 100 (четная сторона), Амангельды с № 59 по 79 (нечетная сторона), с № 54 по 72 (четная сторона), Толстого с № 9 по 51 (нечетная сторона), с № 14 по 38 (четная сторона).

***Избирательный участок № 251.***
Центр: село Карабулак, улица Сатпаева № 58, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Нурмолды Алдабергенова Героя Социалистического труда с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Казангап, Бейсеуова, Дулатова, Панфилова с № 1 по 113 (нечетная сторона), с № 2 по 122 (четная сторона), Дайырова с № 1 по 93 (нечетная сторона), с № 2 по 94 (четная сторона), Сатпаева с № 1 по 65 (нечетная сторона), с № 2 по 56 (четная сторона), Сейфуллина с № 67 по 91 (нечетная сторона), с № 90 по 110 (четная сторона), Гоголя с № 89 по 99 (нечетная сторона), с № 94 по 100 (четная сторона), Тойшыулы с № 31 по 37 (нечетная сторона), с № 28 по 32 (четная сторона), Жакыпбаева с № 73 по 113 (нечетная сторона), с № 96 по 126 (четная сторона), Гагарина с № 9 по 51 (нечетная сторона), с № 16 по 66 (четная сторона), Акименко с № 33 по 75 (нечетная сторона), с № 20 по 64 (четная сторона), М. Байысова с № 31 по 75 (нечетная сторона), с № 26 по 72 (четная сторона), Шестакова с № 27 по 69 (нечетная сторона), с № 34 по 82 (четная сторона), Оразбекова с № 46 по 70 (четная сторона).

***Избирательный участок № 252.***
Центр: село Карабулак, улица Акименко № 2, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Титова с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Сычевского, Белинского, Ш. Айманова, Достоевского, Карабулакская, Чехова, Балпык би с № 59 по 205 (нечетная сторона), с № 104 по 250 (четная сторона), Ескельды би с № 75 по 187 (нечетная сторона), с № 36 по 174 (четная сторона), Шестакова с № 1 по 25 (нечетная сторона), с № 2 по 16 (четная сторона), Шевченко с № 1 по 43 (нечетная сторона), с № 2 по 32 (четная сторона), Копесбаева с № 1 по 21 (нечетная сторона), с № 2 по 20 (четная сторона), Ш. Уалиханова с № 1 по 49 (нечетная сторона), с № 2 по 36 (четная сторона), Амангельды с № 1 по 27 (нечетная сторона), с № 2 по 18 (четная сторона), Сыргабаева с № 1 по 31 (нечетная сторона), с № 2 по 30 (четная сторона), И. Тайманова с № 1 по 31 (нечетная сторона), с № 2 по 28 (четная сторона), Алтынсарина с № 1 по 41 (нечетная сторона), с № 2 по 42 (четная сторона), Ауэзова с № 87 по 119 (нечетная сторона), № 38 по 44 (четная сторона), Ынтымак с № 34 по 40 (четная сторона), Оразбекова с № 1 по 19 (нечетная сторона), с № 2 по 44 (четная сторона), Акименко № 1 по 15 (нечетная сторона), М. Байысова с № 1 по 15 (нечетная сторона), с № 4 по 8 (четная сторона).

***Избирательный участок № 253.***
Центр: село Карабулак, улица Балпык би № 55, государственное коммунальное казенное предприятие «Районный Дом культуры Акима Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Забайкальская, Плеханова, Б. Асанова, Береговая, Алдабергенова с № 2 по 76 (четная сторона), Сейфуллина с № 1 по 65 (нечетная сторона), с № 2 по 88 (четная сторона), Гоголя с № 1 по 87 (нечетная сторона), с № 2 по 92 (четная сторона), Б. Тойшыулы с № 1 по 29 (нечетная сторона), с № 2 по 26 (четная сторона), Гагарина с № 1 по 7 (нечетная сторона), с № 2 по 14 (четная сторона), Акименко с № 17 по 31 (нечетная сторона), с № 8 по 18 (четная сторона), М. Байысова с № 17 по 29 (нечетная сторона), с № 10 по 24 (четная сторона), Шестакова с № 18 по 32 (четная сторона), Балпык би с № 1 по 57 (нечетная сторона), с № 2 по 102 (четная сторона), Ескельды би с № 1 по 73 (нечетная сторона), с № 2 по 34 (четная сторона), Жакыпбаева с № 1 по 71 (нечетная сторона), с № 2 по 94 (четная сторона).

***Избирательный участок № 254.***
Центр: село Карабулак, улица Женис № 49 «А», коммунальное государственное учреждение «Карабулакская средняя школа с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района» (левое крыло).
В границах: село Карабулак, улицы: Набережная, М. Маметовой, Жамбыла, Абая, Жумабаева, Интернациональная, Лихачева, Шакарима, Матросова, Герцена, Северная, Л. Хамиди, Цеткин, Ворошилова, Жетысу шугаласы, Калдаякова с № 2 по 16 (четная сторона), Ауэзова с № 9 по 85 (нечетная сторона), с № 14 по 36 (четная сторона), Алдабергенова с № 1 по 185 (нечетная сторона).

***Избирательный участок № 255.***
Центр: село Карабулак, улица Болашак № 11, коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа Мелькомбинат с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Аронулы, Есболатовой, Почтовая, Ыдырыса Ногайбаева, Молдагуловой, Ломоносова, Д. Серикова, Автомобилистов, Р. Кошкарбаева, Ковалевской, Алдабергенова с № 1 по 17 (нечетная сторона), Каратальская с № 1 по 23 (нечетная сторона), с № 2 по 26 (четная сторона).

***Избирательный участок № 256.***
Центр: село Карабулак, улица Сатпаева № 77, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа-гимназия имени Ш.Уалиханова с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: село Карабулак, улицы: Панфилова с № 115 по 245 (нечетная сторона), с № 124 по 234 (четная сторона), Сатпаева с № 71 по 127 (нечетная сторона), с № 60 по 120 (четная сторона), Дайырова с № 95 по 187 (нечетная сторона), с № 96 по 182 (четная сторона), Оразбекова с № 25 по 49 «а» (нечетная сторона), Шевченко с № 45 по 79 (нечетная сторона), с № 34 по 66 (четная сторона), Копесбаева с № 23 по 47 (нечетная сторона), с № 22 по 52 (четная сторона), Ш. Уалиханова с № 51 по 89 (нечетная сторона), с № 38 по 80 (четная сторона), Амангельды с № 31 по 57 (нечетная сторона), с № 22 по 52 (четная сторона), Сыргабаева с № 35 по 57 (нечетная сторона), с № 34 по 64 (четная сторона), И. Тайманова с № 35 по 39 (нечетная сторона), с № 34 по 52 (четная сторона), Алтынсарина с № 43 по 61 (нечетная сторона), с № 44 по 50 (четная сторона), Ынтымак с № 1 по 7 (нечетная сторона), с № 2 по 32 (четная сторона), Торебай акына с № 1 по 29 (нечетная сторона), с № 2 по 30 (четная сторона), Толстого с № 1 по 7 (нечетная сторона), с № 2 по 12 (четная сторона).

***Избирательный участок № 257.***
Центр: село Акын Сара, улица Абая № 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ш.Уалиханова акимата Ескельдинского района».
В границах: села Акын Сара, Тамбала, Актума.

***Избирательный участок № 258.***
Центр: село Акешки, улица Сатпаева № 5 начальная школа Акешки.
В границах: село Акешки.

***Избирательный участок № 259.***
Центр: село Коныр, улица Абая № 22, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа Коныр акимата Ескельдинского района».
В границах: село Коныр.

***Избирательный участок № 260***.
Центр: село Коктобе, улица Мектеп № 19, коммунальное государственное учреждение «Неполная Средняя школа Коктобе с дошкольным мини-центром акимата Ескельдинского района».
В границах: села Коктобе, Алмалы.

***Избирательный участок № 261.***
Центр: село Оркусак, улица Ауезова № 22, административное здание бригады № 5 коммандитного товарищества «Хильниченко и К».
В границах: село Оркусак.

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.***

# КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара.

Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.

***Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:***

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;

Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;

Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру;

Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту;

Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.

Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетудің байыбына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

### СУПЕРПРЕЗИДЕНТТІК БАСҚАРУ ҮЛГІСІНЕН ПРЕЗИДЕНТТІК РЕСПУБЛИКАҒА ТҮБЕГЕЙЛІ КӨШУ

Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және оңтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылады. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияны дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес әрі әділ шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылады. Онда «Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қақысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатарынан екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейеді.

Жобада Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жоятыны не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің құзыретке ие болу тәртібі де едәуір өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына ие болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша, жергілікті билікке қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың рөлін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі әкімдердің қолына жинақталады.

### БІРҚАТАР БИЛІК ӨКІЛЕТТІГІН ҚАЙТА БӨЛУ

Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығады. Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасақталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).



Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы).

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

### ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІН КҮШЕЙТІП, МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының рөлі едәуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Президент Конституциялық Соттың және Жоғары сот Кеңесінің төрағаларын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады. Сондай-ақ Президент Сенатқа 15 емес, 10 депутат тағайындайтынын айттық. Оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы Сенатқа беріледі. Оның саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Соған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 107-ден 98-ге азаяды (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы). Аралас сайлау жүйесі барлық азаматтың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.

Сайлаушылардың бір мандатты сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарынан мандатты кері қайтарып алу құқығы енгізіледі (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде демократия дәстүрлері нығая түседі, депутаттар мен сайлаушылардың арасындағы өзара сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады.

Мәжілістің құзыреті кеңейіп, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылау күшейеді. Ол үшін, бұған дейін айтқанымыздай, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2-тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағының 3-1) жаңа тармақшасы). Бұл Мәжілістің және жалпы Парламенттің мәртебесін одан әрі күшейте түседі.

Саяси жүйеде тепе-теңдік және тежемелік тетіктерді нығайту және заң шығару жұмысын оңтайландыру мақсатында Мәжіліске заңдарды қабылдау (бұрын заң жобаларын қараған және мақұлдаған), ал Сенатқа заңдарды мақұлдау не мақұлдамау (бұрын заңдарды қабылдаған) құзыреті беріледі (Конституцияның 61-бабы 4 және 5-тармақтарының және 62-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады (Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күші бар уақытша құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарын толықтыру).

Бұл тәсіл елге төнген қауіп-қатердің бетін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыпты, күнделікті жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

### ЕЛДІ БАСҚАРУ ІСІНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТУ

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 1-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

### АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТӘСІЛДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Өлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

**Ерлан ҚАРИН,**
**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы**

PAIYM

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

***Қазақ халқы қашаннан өзіне тән ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарының құнын түсірмей ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, бүгінгі заманымызға жеткізді. Бабалардан мирас болған осы бір бірегей болмысымыздың бүлдірмей, құндылығымызды қадірлеу қазіргі қазақтардың қаперден шығармауға тисті қағидаларының бірі екені белгілі.***




Рухани құндылығымыз ретінде түркілік тамырымыздан тарап, қанымызда қалған қазақы қасиеттеріміз, дін исламмен долайласқан дәстүрлік дағдыларымызбен тіліміз – тіршілігіміздің тынысы әрі тілге тұтарлық тұғырымыз болмақ. Енді осы тұғырымызды тұмандатпай, тұмшаламай, тұнығымызды лайламауымыз лазым. Сол лазымдардың ішіндегі «лауазымы биігі» – тіл десек теріс болмас. Өйткені, ұлтты ұйытар ұлағаттардың ұлысы – тіл. Әлбетте, қазақ тілі.

*«Байырғы баба тілім – ана тілім,*
*Ана тілім – абырой табатыным.*
*Ана тілім – арысқа салатыным,*
*Ана тілім – серпіні қанатымның»,*

– демекші, бабаларымыздың бай мұраларының абыройлысы да, қайбір халықтың тілімен салыстырып, арысқа салсаң алып ұратыны да, тұғырлысы және туы биігі осы тіліміз десек талас тумасы анық!...

«Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген», – деп Жұбан ағамыз жырлағандай, тарихта талай тобырға тап болып, тоналса да мың өліп, мың тірілген қазақтың тамырына балта шапқысы келетін кейбір күштердің көксегені бола қоймады. Себебі, қазақты ұлт ретінде жойылып кетуден қорғайтын құрыш қамалы – тілі мен діні, дәстүрі сынды құндылықтары тұрғанда қазақ қашанда қазақ болып қала бермек. Ғасырлар бойы ірге тасы табжылмастай қаланған қазақ қамалын ешкімнің еңшілей алмасы анық. Демек, гәп өзімізде. Тек, өз қамалысызды өзіміз қиратпасақ болғаны. Бұлай деуіміздің де белгілі себептері бар.

Өз ішімізде қазақ тілі десе кежегесі кері тартып тұратын керауыздардың кердеңдеп жүргені жүйкемізді жұқартып-ақ жібереді. Дінімізді де додыратып, топ-топқа бөліп, тобырға айналдырғысы келетін кеселдерге де күнде куәміз. Дін демекші, ислам дінінің даламызға дендей кіруіне орай, тіліміздің де шырайы артып, өрісі кеңейгеніне тарих куә. Тіл мамандарының зерттеуіне зер салсақ, араб, парсылардан дінмен бірге өнсегіз мыңнан аса сөз тіліміздің қорын толтырыпты. Міне, осындай хақ дінмен біте қайнасқан, бай да байырғы баба тілімізді менсінбейтін дүбәраларға қарап қарның ашады.

Тіл – ұлттың келешегі. Тіл жойылса, сол тілді тұтынушы ұлт та жойылғаны. Ал, бір ұлттың жойылуы адамзат өркениетінің өрісі тарылып, тынысы тұншыққаны.

Ендеше, сол өркениеттің өзегінде өзіндік орны бар қазақтай халықтың тілін сақтау, адамзат мәдениетінің жауһарын сақтау деген сөз. Қазақ тілін сақтау – ата-баба аманатын сақтау деген сөз. Қазақтың тілін сақтау – Алла Тағаланың әміріне итағат қылуы деген сөз.

***Алла Тағала қасиетті Құранда:***

« ...Сондай-ақ, бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Аллаһ алдында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Аллаһ толық білуші, әр нәрседен хабар алушы», – дейді. («Хұжрат» сүресі, 13-аят).

Иә, Алла Тағаланың өзі адамзатты рулар мен ұлттарға бөліп жаратыпты. Ал, сол ұлтты қалыптастыратын басты фактор тіл екенін білеміз. Олай болса, сол тілді сақтауға тырыспаудың өзі, Алла Тағаланың жаратылысын жоққа шығару деген сөз. Жаратушының жаратқанын жоққа шығару, шын мәнінде Алла Тағалаға қарсы келу. Ал, Алла Тағалаға қарсы келіп, тегін білмей тәңіріне тепеңдеу – ібілістің ізіне еріп, шайтанның шырмауына шатылу болмақ.

***Алла Тағала:*** «Сақтансаң сақтаймын!», – деген.

Сақ болайық!...

**Б.ТОҚАЙ,**
**«Дін саласындағы мәселелерді erттеу орталығының» дінтанушы маманы**

KÖMBE

**Міржақып Дулатұлы:**



# МЕН ЗАМАНЫМДА ҚАНДАЙ ЕДІМ?..

***Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.***

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шұлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әлі де ұшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сезді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы - ред.) деген кісіден ғана естідім. Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жөндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке тірт елі жетпеді. Бірақ, не кереті бар, боска қуанған екенмін…

Жанның бәрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбасау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәперәтив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетуі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамклдің арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр іңқлаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен! Енді, қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!

Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусындатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. «Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей, бәз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «Ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде, ішім елжіреп кетеді. Мұныңа тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ, мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарына тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға. Азар көменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

**Мадияр.**
**(«Ауыл тілі», 27 июль, 1926 ж. №1.)**

TÄMSIL

# ҚАРИЯ ДАНАЛЫҒЫ

***Ұзақ жолдан келе жатқан жолаушы ауылына жетуге күндік жер қалғанда алдынан қарсы кездескен өзіндей бір кісіге жолығып, бір төбенің басында аз-кем ат шалдырып, тынығып алмақ болыпты. Әңгімеден әңгіме туып, әлгі кісінің құмалақ ашатын балгерлігі бар екенін білген ол өзіне құмалақ ашып, болашағын болжап беруді өтінсе керек.***

Алдына жайылған орамалға қырық бір құмалақты шашып жіберіп, құмалақ көрсеткен болжамдарды оқыған құмалақшы:

*-Ұзақ жолды еңсеріп, ел шетіне жақындап қалыпсың. Амандық болса ауылыңа жетуге аз қалған екен. Жүріңкіреп отырып, бүгін кешке үйіңе жетіп қонсаң үйдегі әйелің өледі, ал асықпай жүріп, жолға қонсаң өзің өлесің* - деген екен.

Мына әңгімеден кейін бойын бір ызғар қарып өткендей болған жолаушы көпке дейін өзіне-өзі келе алмапты. Екеуі екі жаққа аттанып кеткеннен кейін үйге кешке дейін жетіп алуы керек пе, әлде жолға түнегені дұрыс па, соны шеше алмай ойы онға, санасы сан-саққа жүгіреп ол не де болса... - деп, атын шауждайлап жолға сала берген:

*-Не істеп келесің сен? Осы уақытқа дейін ишщаласын көрмеген, құдай қосқан қосағың, сені қашан келеді деп жолына сарсыла қарап отырған адал жарың, балаларыңның анасы емес пе ол?! Осы қылығыңмен немерелеріңді еміреңе сүйіп, сенің алыс жолдан алып келгеніңді оларға мейірлене таратып отырған кезінде кең дүниесін тарылтып, бір сәтте о дүниеге аттандыра салмақ болып келе жатқаныңды сезесің бе өзің?* – деп жүрегінің терең түкпірінен атой берген бір дауыс атының басын тартуға мәжбүр етті.

*- Қой, не де болса өзім көрейін, ауылға жақындап бір төбенің басына кідірсем, не өзім сияқты жолаушы, не мал қараған біреулер денемді тауып, елге жеткізер. Еркек тоқты-құрбандық, отбасымның ұйытқысы болып отырған кемпірім аман болсын* - деп, тағдырға мойын ұсына берген кезде алла тағаланың аманат еткен жаны өзінің тәтті екенін байқатқандай жүрегін жұлқи лүпілдеткенде егесі тарапынан қысым азайған соң өз еркімен, екі жақтың жусаны мен ебелегін кезек шалып, жайбарақат келе жатқан атының қос бүйіріне екі етігінің өкшесі қалай қадалғанын білмей қалды. Егесінің қысыңқырап қалған тақымы мен тебінгінің сыртынан қатты батқан қос өкшенің тегеуріне шыдамай ытқырыла жөнелген атынан түсіп қала жаздап, зорға тіктелген ол сәлден кейін жаяу бүлкілге салып жолға түсті.



Аз жүрді ме, көп жүрді ме, аңғара алмай, қай тұсқа келгенін де, қай бағытпен келе жатқанын байқауға мұршасы келмей, беталды мәңгіріп біршама жерді артқа тастаған оның алдынан бір қария кездесіп, жағдай сұрасады. Үңжырғасы түсіп, түрі келмей құр сүлдері келе жатқан оны алдына кездескен бір биік төбенің басына кідіртіп аттан түсіреді.

- *Е-е, солай де, балам. Үйге барсам әйеліме, жолға түнесем өзіме қауіп дедің бе? Өте қиын жағдай екен. Десе де ойланайық, қандай тығырық болса да бір шығар жері болушы еді, бәрі алланың қолында ғой, қарағым* – деген ол жолаушының мінген атын, үстіндегі киімін, қолындағы қамшысын асықпай сыдырта бір қарап өтеді. Артық-ауыс ештеме байқалмаған соң қария ер басындағы дорбаны алып, аса сақтықпен ішіндегі буыншақ-түйіншектерді шығара бастайды. Кенет жолға деп алып шыққан азық арасындағы нан ораған түйіншектің ішінен бір қарақұрт шыға салып, жолаушыға қарай тұра жүгіреді. Қапелімде не істерін білмей сасып қалып, алыр-топыры шыққан екеуі әупірімдеп жүріп әлгі жәндікті аяқымен таптап зорға өлтіреді.

Мән-жайға қаныққан қария біраз демін басқан соң:

*-Балам, қауіп-қатер сейілді білем. Бүгін түн үйіңе жетсең сенің дорбаңды заттарыңды реттеп жүрген келіңді мына қарақұрт шағып алып өміріне қауіп төндірер еді. Ал, жолға түнесең тамақтанғалы жатқаныңда бұл қауіпке өзің ұрынар ең. Әлгі құмалақшының құмалағына түсіп отырған осы жайлар шығар. Әттеген-ай, қауіп-қатерді сезгенімен оның қайдан келетінін тап басып айта алмаған екен!* – депті.

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050
Тираж 3050
Тапсырыс 1056
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.